«__» _____ жылғы
№ ____ бұйрығымен бекітілген

«Электр энергиясы мен қуаты рыногының Қазақстандық операторы» акционерлік қоғамы
(«КОРЭМ» АҚ)

«КОРЭМ» АҚ
АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ» ЖҮЙЕСІ
(«КОРЭМ» АҚ СЖ)

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ
3.0 нұсқасы

Нұр-Сұлтан қ. 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ 3
1.1. Қолдану саласы 3
1.2. Мүмкіндіктердің қысқаша сипаттамасы 3
1.3. Пайдаланушының дайындық деңгейі 3
1.4. Пайдаланушының танысуы қажет пайдалану құжаттарының тізімі 3
2. ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МЕН ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ 4
2.1. Автоматтандырылатын қызметтер түрлері 4
2.2. Автоматтандыру құралдарын пайдалану шарттары 4
3. ПРОЦЕСТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ 5
3.1. Процестерді орындау тәртібі 5
3.2. Пайдаланушыларды онлайн тіркеу 5
3.3. Тіркеу мәліметтері 9
3.3.1. «Ұйым мәліметтері» қосымша парақшасы 9
3.3.2. «Сауда-саттықты таңдау» қосымша парақшасы 13
3.3.3. «Аукциондық сауда-саттық операторлары» қосымша парақшасы 14
3.4. Аукциондық сауда-саттық 15
3.4.1. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттық 16
3.4.2. Құжаттамаларсыз аукциондық сауда-саттық 21
3.4.3. СЭС және БиоЭС бойынша аукциондық сауда-саттық ерекшеліктері 29
3.5. Мұрағат 32
3.6. Оқиғалар журналы 34
3.7. Пайдаланушы профилі 36
4. АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР 37
5. МЕҢГЕРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР 38
6. АББРЕВИАТУРАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 39
1-ҚОСЫМША 40

1. КІРІСПЕ

1.1. Қолдану саласы

Осы құжат «КОРЭМ» АҚ аукциондық сауда-саттықты өткізу» жүйесімен жұмыс істеу бойынша нұсқаулық болып табылады және «КОРЭМ» АҚ сауда жүйесіне (бұдан ары – «КОРЭМ» АҚ СЖ) қатысушыларға арналған.

1.2. Мүмкіндіктердің қысқаша сипаттамасы

«КОРЭМ» АҚ СЖ аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруға, өткізуге және қатысуға арналған.

Жүйеде жүзеге асырылған «КОРЭМ» АҚ СЖ функционалы сауда-саттыққа қатысушының келесі негізгі процестерін орындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді:

- Онлайн тіркеу;
- Профильді редакциялау;
- Жаңа сауда-саттық операторын қосу;
- Сауда-саттық тізімін қарау;
- Сауда жүйесіне өтінімді беру;
- Берілген өтінімді түзету;
- Сауда жүйесінде бар өзінің өтнімдерін қарау;
- Сауда-саттық жүлдегерлері тізімін қарау;
- Өткізілген сауда-саттық туралы деректерді қарау;
- Оқиғалар журналын қарау;
- Сауда жүйесін серверінде ағымды уақытты қарау;
- Аукциондық сауда-саттықтың уақыт қалдығын қарау.

1.3. Пайдаланушының дайындық деңгейі

Пайдаланушыда Microsoft Windows операциялық жүйесімен, Microsoft Office қосымшалар пакетімен, Google Chrome, Mozilla Firefox, Internet және т.б. интернет-браузерлермен жұмыс істеу дағдылары болу керек, сонымен қатар тиісті пәндік салада білімі болу керек.

1.4. Пайдаланушының танысуы қажет пайдалану құжаттарының тізімі

- Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарынан, өтінімді беру мазмұны мен тәртібінен, аукционға қатысуға өтінімді қаржымен қамсыздандыру түрлерінен және оларды енгізу және қайтару шарттарынан, қорытынды жүргізу тәртібі мен жеңімпаздарды анықтаудан тұратын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу ережелері;
- Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар

2. ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МЕН ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

2.1. Автоматтандырылатын қызметтер түрлері

Жүйеде жүзеге асырылатын сипатталатын функционал аукциондық сауда-саттыққа қатысушы үшін жұмысты автоматтандырады және аукциондық сауда-саттыққа қатысу мүмкіндігі үшін негізгі процестерді орындау мүмкіндігін қолдайды.

2.2. Автоматтандыру құралдарын пайдалану шарттары

«КОРЭМ» АҚ СЖ-де жұмысты автоматтандырылған режимде жүзеге асыру үшін пайдаланушы келесі шарттарды қадағалау керек:

- Пайдаланушының жұмыс орны «КОРЭМ» АҚ СЖ-не online рұқсаты бар, ждел жады 2 Гб кем емес, процессордың тактілік жиілігі 2 ГГц кем емес, экран ажыратымдылығы 1280 х 1024 кем емес мониторы бар дербес компьютермен жабдықталу керек;
- Қажетті жағдайда компьютерде А4 форматынан кем емес принтерге және құжаттар сканеріне рұқсаты болу керек;
- ДК-де Mozilla Firefox, Google Chrome, Internet Explorer және т.б. интернет-браузер орнатылу керек;
- Қатысушы жүйеде тіркелу керек;
- Пйдаланушы Microsoft Windows операциялық жүйесін, Microsoft Office қосымшалар пакетін, Mozilla Firefox, Google Chrome, Internet Explorer және т.б. интернет- браузерлерін білу керек және олармен жұмыс істеудің базалық дағдылары болу керек.

3. ПРОЦЕСТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1. Процестерді орындау тәртібі


Сауда-саттыққа қатысуды жүзеге асыру үшін «КОРЭМ» АҚ СЖ-де процестерді орындау тәртібі:

1. Аукциондық сауда-сатыққа өтінім берушіні онлайн тіркеу.
2. Тіркеу мәліметтерін редакциялау,
3. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімді беру.
4. СЖ-не берілген аукциондық сауда-саттыққа өтінімдерді Ұйымдастырушының СЖ Деректер базасынан қарау.
5. Электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан биомассаны, биогазды және өзге де отынды пайдаланатын жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың алдын ала қорытындыларын қарау.
6. Электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан биомассаны, биогазды және өзге де отынды пайдаланатын жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтардың алдын ала қорытындылары бойынша диалогтық терезеде ұсыныстарды қарау және осы ұсынысқа жауап беру мүмкіндігі.
7. СЖ-де өткізілген сауда-саттыққа қатысушының барлық әрекеттерін қарау.

3.2. Пайдаланушыларды онлайн тіркеу

«КОРЭМ» АҚ СЖ-де жұмыс істеу үшін процестерді іске қосу үшін Жүйеге кіру керек. Ол үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **«Жұмыс үстелінде»** немесе **«Тапсырмалар панелінде»** орналасқан интернет-браузерді іске қосып, мекен-жай өрісіне «КОРЭМ» АҚ мекен-жайын https://korem.kz енгізіңіз.
2. Операциялық жүйе интернет-парақшаны жүктеп, «КОРЭМ» АҚ Веб-сайтын ашады (1-сурет).



1-сурет. «КОРЭМ» АҚ Веб-сайты парақшасы


3. «КОРЭМ» АҚ Веб-сайтында Веб-парақшаның сол жағында орналасқан **«ЖЭК Аукциондар»** батырмасын басыңыз.
4. Сауда жүйесіне кіру үшін ашылған парақшада **«Сауда жүйесіне кіру»** батырмасын басу керек (2-сурет).



2-сурет. Аукциондық сауда-саттықтың сауда жүйесіне кіру

5. Операциялық жүйе интернет-парақшаны жүктейді де «КОРЭМ» АҚ СЖ-не кіруді авторизациялау терезесін көрсетеді (3-сурет).

Ескерту: *қажет болған жағдайда тиісті тілді (қазақ, орыс, ағылшын) таңдауға болады.*




3-сурет. Жүйеге кіруді авторизациялау терезесі

6. Онлайн тіркеуге арналған ашылған парақшада **«Сауда жүйесінде тіркелу»** сілтемесін басыңыз (3-сурет).


1-Ескерту: *Егер Сіз Жүйеде тіркелген болсаңыз,* ***«E-mail»*** *енгізу өрісіне Өзіңіздің электрондық пошта мекен-жайын енгізіңіз, ал* ***«Құпиясөз»*** *енгізу өрісіне Жүйеде тіркелу кезінде Сіз енгізген құпиясөзді енгізіңіз. Содан кейін* ***«Сауда жүйесіне кіру»*** *батырмасын басыңыз (3-сурет).*

Ескерту: *Егер Сіз пайдаланушыны есепке алу жазбасы құпиясын ұмытып қалсаңыз,* ***«Кілтсөзді ұмыттыңыз ба?»*** *сілтемесін басыңыз (3-сурет). Содан кейін* ***«E-mail»*** *өрісіне Өзіңіздің электрондық пошта мекен-жайын енгізіп,* ***«Әрі қарай»*** *батырмасын басыңыз (4-сурет). Сіздің электрондық поштаға құпиясөзді ауыстыру бойынша нұсқаулықпен хат жіберіледі.*



4-сурет. Құпиясөзді қалпына келтіру

7. Жүйе толтыруға арналған өрістері бар интерфейсті ұсынады (5-сурет).




5-сурет. Тіркеу нысаны

8. Бұл тіркеу нысанына келесі мәліметтерді енгізіңіз:
   - **«Ұйымның атауы»** өрісіне ұйымның толық атауын енгізіңіз;
   - **«Заңды мекен-жайы»** өрісіне ұйымның заңды мекен-жайының мәліметтерін енгізіңіз;
   - **«Нақты мекен-жайы»** өрісіне ұйымның нақты мекен-жайы туралы мәліметтерді енгізіңіз;
   - **«Аты-жөні»** өрісіне Өзіңіздің аты-жөніңізді енгізіңіз;
   - **«E-mail»** өрісіне СЖ-ге кіру үшін сәйкестендіргіш болатын, электрондық пошта мәліметтерін енгізіңіз;
   - **«Құпиясөз»** өрісіне құпиясөзге қойылатын талаптарды ескеріп, символдардан тұратын еркін тәртіпте мәліметтерді енгізіңіз. Құпиясөз ұзындығы кемінде 8 таңба болу керек. Құпиясөз келесі төрт қатардан үш санаттың таңбаларын қамту керек:
     - ✓ А-дан Z-ке дейін ағылшын әліпбиінің бас әріптері;
     - ✓ ағылшын алфавитінің кіші әріптерінен a-дан бастап z-ке дейін;
     - ✓ ондық сандар (0-ден 9-ға дейін)
     - ✓ әліпбилік емес таңбалар (мысалы, !, #, %.

9. Барлық өрістерді толтырған соң суреттегі ұсынылған кодты енгізіп, **«Тіркелу»** батырмасын басыңыз (5-сурет).


Ескерту: *егер суреттегі код түсініксіз болса, кодты жаңарту үшін «*  *» батырмасын басыңыз.*

10. Жүйе тіркеу нысаны өрістерін толтыруды тексеруді жүргізеді. Егер барлық өрістер толтырылмаса немесе қате толтырылса, Жүйе ескерту хабарламаларын көрсетеді (6-сурет).



6-сурет. Тіркеу нысанының өрістерін қате толтыру туралы хабарламалар

11. Мәліметтерді дұрыс енгізген кезде Жүйе келесі ақпаратты көрсетеді (7-сурет):



7-сурет. СЖ табысты тіркелу парақшасы


12. Сіз тіркеу нысанында өрсеткен Сіздің E-mail-ға **«аукциондық сауда-саттыққа тіркелуді растау»** тақырыбымен автоматты қалыптастырылған электрондық хат келеді, жөнелтуші **«korem@vsm.kz».**

13. Хатты ашып, Сіздің аккаунтыңызды іске қосу үшін хатта көрсетілген сілтемені басыңыз.

3.3. Тіркеу мәліметтері

3.3.1. «Ұйым мәліметтері» қосымша парақшасы

1. Сіздің электрондық поштадағы хатта көрсетілген сілтеме бойынша өткен соң Жүйе **«Ұйым мәліметтері»** парақшасын ашады. Тіркелуді аяқтау үшін Сіздің ұйымыңыз туралы ақпаратпен барлық міндетті өрістерді толтырып, **«Мәліметтерді сақтау»** батырмасын басыңыз (9-сурет).



8-сурет. «Тіркеу мәліметтері» бөлімі. «Ұйым мәліметтері» қосымша парақшасы

«Ұйым мәліметтері» интерфейсі келесі элементтерден тұрады:

«Ұйым мәліметтері» **бөлімі**:

«Ұйымның атауы» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске ұйымдастыру-құқықтық нысаны көрсетіліп, ұйымның толық аталуы енгізіледі.

«Заңды мекен-жайы» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске ұйымның заңды мекен-жайы енгізіледі.

«Нақты мекен-жайы» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске ұйымның нақты мекен-жайы енгізіледі.

«Телефон» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі енгізіледі.

«Факс» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске ұйымның факсі енгізіледі.

«Басшы туралы мәлімет» **бөлімі**:

«Басшының аты-жөні» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске басшының аты-жөні енгізіледі.

«Телефон» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске басшының телефон нөмірі енгізіледі.

«Банк деректемелері» **бөлімі**:

«Банк» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске банк атауы енгізіледі.

«Банк шоты» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске банк шоты енгізіледі.

«БСН» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі енгізіледі.

«БСК» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске банктің сәйкестендіру коды енгізіледі.

«Банк БСН» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске банктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі енгізіледі.

«Құжаттар скан-көшірмелері» бөлімі:

«Файл 1» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ".pdf" форматта ұйым жарғысының скан-көшірмесі жүктеледі.

«2 файл» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ".pdf" форматта бірінші басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманың скан-көшірмесі жүктеледі.

«3 файл» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ".pdf" форматта бірінші басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаның тиісті органы шешімінің скан-көшірмесі жүктеледі.

«4 файл» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ".pdf" форматта өкілге сенімхаттың (егер мүдделерді бірінші басшы көрсетпейтін жағдай болса) скан-көшірмесі жүктеледі.

«5 файл» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ".pdf" форматта заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпараттың (банк деректемелері, мекен-жайы, байланыс телефондары, электрондық мекен-жай) скан-көшірмесі жүктеледі.

«6 файл» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өрісте ".pdf" форматта аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржымен қамсыздандыруды енгізуді растайтын құжаттың скан-көшірмесі жүктеледі.

«Жер учаскелері және қосылу нүктелері» **бөлімі**:

Ескерту: Егер сауда-саттыққа қатысушыда меншікті жер учаскелері және аукциондық сауда-саттықта пайдаланылатын қосылу нүктелері бар болса, онда төменде көрсетілген өрістер толтыруға міндетті болып табылады.

«Ұйымның атауы» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Өрісте жер учаскесі және қосылу нүктесі бойынша деректер байланыстырылатын жобаның атауы енгізіледі.

«Жер учаскесі» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Бұл жолға Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бабының 24-тармақшасына сәйкес жер учаскесіне құқық беретін құжат туралы ақпарат енгізіледі. ***Мысалы**: «Жер учаскесіне жеке меншік құқығына акт, 01.01.2019 ж. №1 кадастрлық нөмірі».*

«Жер учаскесінің аумағы, Га» өрісі. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді. Өріскежер учаскесінің ауданы бойынша гектар өлшем бірлігімен деректер енгізіледі.


«Қосылу нүктесі» өрісі. Формат – мәтін, сан. Редакциялауға қолжетімді. Осы өріске Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 210 бұйрығымен бекітілген «Электр желілік қағидаларға» сәйкес энергия өндіруші ұйымдардың электр желісіне қосылуға арналған техникалық шарттар туралы ақпарат енгізіледі. ***Мысалы:** 01.01.2019 жылғы «Жар» ЖШС ТШ».*

«Жер учаскесіне құжат» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Өріске жер учаскесінің бар екенін растайтын құжаттың скан-көшірмесі жүктеледі.

«Қосылу нүктесіне құжат» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Өріске қосылу нүктелерінің бар екенін растайтын құжаттың скан-көшірмесі жүктеледі.


«Келісу хаты» өрісі. Формат – blob. Редакциялауға қолжетімді. Егер жобаның мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан жоғары болса, онда осы өріске «Электр станцияларының қуатын беру схемасы» Жүйелік оператордың келісу хатының электрондық көшірмесі жүктеледі.

«Жер учаскелері және қосылу нүктелері» бөлімінің өрістерін толық толтырған кезде сақтау үшін **«Қосу»** бастырмасына басу қажет. **«Қосу»** бастырмасын басқаннан кейін Жүйе енгізілген деректерді сақтайды. **«Жер учаскелері және қосылу нүктелері»** бөлімінде жүктелген құжаттардың скан-көшірмелерін жою немесе ауыстыру мүмкіндігі бар (9-сурет).




9-сурет. «Жер учаскелері және қосылу нүктелері» бөлімі

2. **«Мәліметтерді сақтау»** батырмасын басқан соң Жүйе енгізілген мәліметтерді сақтайды, бұл ретте **«Құжаттар скан-көшірмелері»** бөліміндегі жүктелген құжаттардың скан-көшірмелерін жоюға, жүктеуге немесе ауыстыруға болады (10-сурет).




10-сурет. Мәліметтерді сақтаған соң «Құжаттар скан-көшірмелері» бөлімі

3. Тіркеуді аяқтау үшін **«Тіркеуді аяқтау»** батырмасын басыңыз (11-сурет).



11-сурет. Тіркеуді аяқтау


4. Ұйым мәліметтері сауда-саттықты ұйымдастырушылармен екі жұмыс күні ішінде қарастырылатын болады. Тіркеу мәртебесінің ауысуы туралы хабарлама Сіздің электрондық пошта мекен-жайына жіберіледі. Жүйе **«Сіздің тіркеуіңіз тексеруге жіберілген»** мазмұны бар диалогтық терезені көрсетеді (12-сурет):



12-сурет. Тіркеуді тексеруге жіберу туралы хабарлама

5. **«ОК»** батырмасын басыңыз, **«Тіркеуді аяқтау»** батырмасы автоматты түрде **«Түзету»** батырмасына ауысады.


6. Бұрын енгізілген тіркеу мәліметтеріне өзгерістер енгізу үшін **«Түзету»** батырмасын басыңыз, содан кейін өзгерістерді қайта сақтаңыз (13-сурет).



13-сурет. Тіркеу мәліметтерін түзету

3.3.2. «Сауда-саттықты таңдау» қосымша парақшасы

1. **«Тіркеу мәліметтері»** бөліміне ауысып, **«Сауда-саттықты таңдау»** қосымша парақшасын таңдаңыз. Жүйе аукциондық сауда-саттықты өткізудің бекітілген графигіне сәйкес суда-саттықтың тізімі бар интерфейсті ұсынады. Тізімнен тиісті чекбоксқа жалауша орнатып, қатысу үшін сауда-саттықты таңдаңыз (14-сурет).



14-сурет. «Тіркеу мәліметтері» бөлімі. «Сауда-саттықты таңдау» қосымша парақшасы

2. Белгілі бір күнге аукциондық сауда-саттықты таңдаған соң **«Сақтау»** батырмасын басыңыз (14-сурет). Жүйе таңдалған параметрлерді сақтайды.

«Сауда-саттықты таңдау» интерфейсінде **«Сауда-саттықтардың тізімі»** кестесі көрсетілген, ол төмендегідей элементтерден тұрады:

«Сауда-саттық күні» бағанасы. Формат – Күні. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттық күні көрсетіледі.

«Аукциондық сауда-саттық түрі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте аукциондық сауда-саттық түрі көрсетіледі (құжаттамамен, құжаттамасыз).

«ЖЭК түрі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте ЖЭК түрі көрсетіледі (ЖЭС, ГЭС, КЭС, БиоЭС).

«БЭЖ аймағы» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте БЭЖ аймағы көрсетіледі (Солтүстік аймақ, Батыс аймақ, Батыс және Солтүстік аймақтары, Оңтүстік аймақ, Солтүстік және Оңтүстік аймақтары, барлық аймақтар).

«Жобалардың көлемі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте жобалардың көлемі көрсетіледі (Шағын 0,75-тен 10 МВТ дейін, Шағын 0,1-ден 10 МВт дейін, Ірі 10 МВт астам).

«Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) өлшемінде шекті аукциондық баға шамасы көрсетіледі.


«Сатып алынатын белгіленген қуат мөлшері, МВт» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте МВТ өлшемімен сатып алынатын белгіленген қуат мөлшері көрсетіледі.

«Мәртебесі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттықтың өзекті мәртебесі көрсетіледі.

«Сақтау» батырмасы. Формат – мәліметті сақтауға арналған құрал.

3.3.3. «Аукциондық сауда-саттық операторлары» қосымша парақшасы

1. **«Тіркеу мәліметтері»** бөліміне ауысып, **«Аукциондық сауда-саттық операторлары»** қосымша парақшасын таңдаңыз. Жүйе операторды қосу бойынша мәліметтерді енгізуге арналған өрістері бар интерфейсті ұсынады. Өрістерді толтырған соң **«Операторды қосу»** батырмасын басыңыз (15-сурет):



15 сурет. «Тіркеу мәліметтері» бөлімі. «Аукциондық сауда-саттық операторлары» қосымша парақшасы

«Операторды қосу» бөлімі келесі элементтерден тұрады (15-сурет):

«Аты-жөні» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске оператордың аты-жөні енгізіледі.

«E-mail» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске оператордың электрондық пошта мекен-жайы енгізіледі.

«Телефон» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске оператордың телефон нөмірі енгізіледі.

«Факс» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске оператор факсі енгізіледі.

«Ұялы телефон нөмірі» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Міндетті толтырылу керек. Өріске оператордың ұялы телефон нөмірі енгізіледі.

«Операторды қосу» батырмасы. Формат – операторды қосу бойынша мәліметтерді енгізуді растауға арналған құрал.

«Операторды қосу» батырмасын басқан кезде, оператор бойынша барлық мәліметтер **«Операторлар тізімі»** кестесінде көрсетіледі, ол келесі элементтерден тұрады (14-сурет):

«Аты-жөні» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттық операторларының аты-жөні көрсетіледі.

«E-mail» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттық операторларының электрондық пошта мекен-жайлары көрсетіледі.

«Телефондар» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттық операторларының телефон нөмірлері көрсетіледі.

«» **өрісі. «Операторлар тізімі»** кестесінде жолды редакциялауға арналған құрал.


«» **өрісі. «Операторлар тізімі»** кестесінде жолды жоюға арналған құрал.

2. Қосымша операторының электрондық мекен-жайына СЖ автоматты түрде **«Сізді қосымша оператор ретінде шақырды»** тақырыппен эдектрондық хатты қалыптастырып, жібереді, жөнелтуші **korem@vsm.kz**. Жеке кабинетке кіру үшін қосымша оператор 24 сағат ішінде сілтеме бойынша құпиясөз құру үшін кіру керек.

3.4. Аукциондық сауда-саттық

1. **«Аукциондық сауда-саттық»** бөліміне ауысыңыз.


2. Егер сауда сессиясы жабық және/немесе барлық сауда-саттық аяқталған болса, Жүйе келесі жақын арада жобаланған аукциондық сауда саттықтарды өткізу күнімен ескерту хабарламасн көрсетеді (16-сурет).



16 сурет. «Аукциондық сауда-саттық» бөлімі. «Сауда сессиясы жабық» интерфейсі

3. Егер Сізге сауда-саттыққа рұқсат берілмесе, Жүйе **«Сіз ағымдағы сауда-саттыққа қол жеткізе алмайсыз»** ескертуін көрсетеді (17-сурет). Сізге келесі жағдайларда сауда-саттыққа рұқсат бермейді:

1) Ұйымдастырушының қызметін уақытылы төлемегені үшін;
2) Ұйымдастырушының қызметін уақытылы төлемегені үшін;
3) есеп айырысу-қаржы орталығына өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді уақытылы ұсынбағаны үшін;
4) Ұйымдастырушыға қатысушының деректемелерінің өзгергені туралы ақпаратты уақытылы ұсынбағаны үшін;
5) Шартта көзделген өзге міндеттемелерді орындамаған жағдайда.



17 сурет. «Аукциондық сауда-саттық» бөлімі. «Сіз ағымдағы сауда-саттыққа қол жетуізе алмайсыз» интерфейсі


Ескерту: *Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда сессиясы кестеге сәйкес уәкілетті орган бекіткен мерзімде өткізіледі және 1 (бір) сағатқа созылады. Бұл ретте сауда сессиясы аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардан өтінім түскен кезде сауда сессиясы аяқталғанға дейін бес минут ішінде қолда бар ең төменгі ұсыныстан төмен бағасымен 5 (бес) минутқа ұзартылады. Сауда сессиясын өткізудің жалпы уақыты ұзартылуы мүмкін жағдайларды ескере отырып, сессияның ашылғаннан сәттен бастап 3 (үш) сағаттан аспайды.*

Сауда-саттық қатысушыларынан өтінімдерді қабылдау сауда сессиясы ашылған кезеңнен бастап жүзеге асырылады.

Сауда сессиясына қол жетімділікке, тек қана Шартқа сәйкес осы сауда сессиясына қатысатын қатысушылар ғана ие.

3.4.1. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттық

1. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысу кезінде, егер сауда сессиясы ашық болса және сіз сауда-саттыққа жіберілсеңіз, Жүйе құжаттамасы аукциондық сауда-саттық өткізу бойынша СЖ интерфейсін ұсынады (18-сурет).



18 сурет. «Аукциондық сауда-саттық» бөлімі. «Құжаттамасы аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде сауда сессиясы ашық» интерфейсі

2. Сауда сессиясы ашық болғанда **«Аукциондық сауда-саттық»** интерфейсі 5 ақпараттық панельден тұрады (18-сурет):

1) Келесі өрістермен **«Сауда сессия мәртебесі»** панелі (автоматты енгізіледі):

«Сауда сессия мәртебесі» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда сессия мәртебесі көрсетіледі – ашық/жабық/ тоқтатылған/болдырмаған.

«Сауда сессиясы ашуы уақыты» өрісі. Формат – уақыт (СС:ММ:СС). Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сессияның ашылу уақыты көрсетіледі.

«Сауда сессиясының жабуы уақыты» өрісі. Формат – уақыт (СС:ММ:СС). Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сессияның жабылу уақыты көрсетіледі.

«Сауда сессияның ең көп уақыты» өрісі. Формат – уақыт (СС:ММ:СС). Редакциялауға қолжетімді емес. ӨРІСТЕ сауда сессияның ең көп уақыты көрсетіледі.

«Қалған уақыт» өрісі. Формат – уақыт (СС:ММ:СС). Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттықтың жабылуына дейін қалған уақыт көрсетіледі.

2) Келесі өрістермен **«ЖЭК жобаларын таңдау бойынша аукциондық сауда-саттықтары»** панелі (автоматты түрде енгізіледі):

«Аукциондық сауда-саттық түрі» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте аукциондық сауда-саттық түрі көрсетіледі (құжаттамамен, құжаттамасыз).

«Сауда-саттық күні» өрісі. Формат – күні (ЖЖЖЖ-АА-КК). Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттық күні көрсетіледі.

«БЭЖ аймағы» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте БЭЖ аймағының аталуы көрсетіледі (Солтүстік, Оңтүстік, Батыс).

«ЖЭК түрі» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте жаңартылатын энергия көздері түрі көрсетіледі (КЭС, ЖЭС, КЭС, БиоЭС).

«Жобалардың көлемі» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте МВТ өлшемімен жобалардың көлемі көрсетіледі (Ірі, 10 МВт астам, Шағын, 0,75-тен 10 МВт дейін, Шағын, 0,1-ден 10 МВт дейін).

«Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт» өрісі. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сатып алынатын белгіленген қуат көлемі 100 кВт-тан кем емес, 1 (бір) киловатт көп және мегаватттарда (МВт) көрсетілген параметр).

«Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)» өрісі. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте шекті аукциондық баға шамасы тг/кВт*сағ өлшемімен көрсетіледі (Электр энергиясының бір киловатт-сағаты үшін ҚҚС-сыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы бөлу белгісінен кейінгі белгілеу цифрларының саны екеуден аспайтын бағасы).


«Жобаның орналасқан жері» өрісі. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте жобаның орналасқан жері туралы деректер көрсетіледі.

«Жер аумағы, Га» өрісі. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өріске гектар өлшем бірлігімен жер аумағы туралы деректер енгізіледі.

«Қосылу нүктесі» өрісі. Формат – мәтін, сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте электр желілеріне қосылу нүктелері бойынша ең жоғары рұқсат етілетін қуатты және ықтимал қосулар санын көрсете отырып, энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпарат енгізіледі.

3) Берілген өзекті өтінімдері мәліметтері бар **«Менің өтінімдерім»** кестесі. Өріс мәліметтері өтінімдердің түсуіне орай енгізіледі:

«Қолданылатын жобаны таңдаңыз» батырмасы. Формат – өтінімді беру үшін жобаны таңдауға арналған құрал. Батырма сауда сессиясы ашық болғанда ғана белсенді (19-сурет).



19 сурет. Өтінімді беру үшін «Қолданылатын жобаны таңдаңыз» батырмасы

«Өтінім нөмірі» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте берілген өтінімдердің нөмірі көрсетіледі.

«Өтінімнің берілген уақыты» бағанасы. Формат – уақыт. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте өтінімді беру уақыты көрсетіледі.

«Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) өлшемінде ұсынылатын аукциондық баға көрсетіледі.

«Қаржымен қамсыздандыру түрі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте қаржымен қамсыздандыру түрі көрсетіледі.

«Қаржымен қамсыздандыру сомасы, мың тг» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте мың теңге өлшемінде қаржымен қамсыздандыру сомасы көрсетіледі.

«Мәртебесі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

4) Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың Жүйеге берілген өтінімдері негізінде жасалған ұсыныстардың **«Сараланған кесте»** ақпараттық панелі. Сауда сессиясы кезінде қатысушының берген өтінімі сараланған кестеде қызыл түспен бейнеленеді, қалған сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдері сараланған кестеде қара түспен бейнеленеді.

5) **«Қаржымен қамсыздандыру»** кестесі келесі ақпараттан тұрады:

«р/с №» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте қаржымен қамсыздандыру нөмірі көрсетіледі.

«Қаржымен қамсыздандыру түрі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте қаржымен қамсыздандыру түрі көрсетіледі (Банк кепілдігі, Аккредитив).

«Сома (мың тг)» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте мың теңге өлшемінде қаржымен қамсыздандыру сомасы көрсетіледі.

«Мәртебесі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте қаржымен қамсыздандыру мәртебесі көрсетіледі (Қолжетімді, Қолданылды).

«Сауда жүйесіне берілген ең аз ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) өрісі. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте тг/кВт*сағ өлшемімен ҚҚС-сыз сауда жүйесіне берілген минималды ұсынылатын аукциондық баға енгізіледі, сауда-саттық өткізу барысында және тек азаю жағына қарай өзгереді.

Ескерту: *сауда сессиясының барысында қатысушылар үшін мына ақпараттар ашық болады:*

1. уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат:


- *сауда сессиясы ашуы уақыты;*
- *сауда сессиясының жабуы уақыты;*
- *сауда сессияның ең көп уақыты;*
- *сауда сессиясының уақыт қалған уақыты;*
- *аукциондық сауда-саттық түрі;*
- *БЭЖ аймағы;*
- *ЖЭК типі;*
- *жобалардың көлемі;*
- *сатып алынатын қуат көлемі (МВт);*
- *шекті аукциондық баға, (тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз));*
- *жобаның орналасқан жері;*
- *жер аумағы, Га;*
- *қосылу нүктесі.*

2. қатысушының барлық (өтінім бағасы, өтінімді беру уақыты) параметрлерін қамти отырып, берген құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімі;

3. ұсыныстардың сараланған кестесі;

4. сатуға арналған құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімдердегі көрсетілген ең төменгі баға.

3. **«Өтінімді беру үшін жобаны таңдау»** батырмасын басқан кезде Жүйе өтінімді беру интерфейсін ұсынады (20-сурет).



20 сурет. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтың «Өтінім беру» интерфейсі.

«Өтінімді беру» интерфейсі келесі элементтерден тұрады:


1) **«Қаржылық қамтамасыз ету» өрісі.** Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Төмен түсетін тізімнен мәнді таңдау арқылы аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушы ұсынған қаржымен қамсыздандыру түрі енгізіледі (Бенк кепілдігі, Аккредитив).

Сауда-сатыққа қатысушы әрбір өтінім үшін бір қаржымен қамсыздандыру түрін таңдай алады.

2) **«Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт» алаңы.** Формат – сан. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сатып алынатын белгіленген қуат көлемі 100 кВт- тан кем емес, 1 (бір) киловатт көп және мегаватттарда (МВт) көрсетілген параметр).
3) **«Жобаның орналасқан жері» өрісі.** Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте жобаның орналасқан жері туралы деректер көрсетіледі.
4) **«Жер аумағы, Га» өрісі.** Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өріске гектар өлшем бірлігімен жер аумағы туралы деректер енгізіледі.
5) **«Қосылу нүктесі» өрісі.** Формат – мәтін, сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте электр желілеріне қосылу нүктелері бойынша ең жоғары рұқсат етілетін қуатты және ықтимал қосулар санын көрсете отырып, энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпарат енгізіледі.
6) **«Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)» өрісі.** Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді. Өріске ҚҚС-сыз Электр энергиясының бір киловатт-сағаты үшін ҚҚС-сыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы (теңге) бөлу белгісінен кейінгі белгілеу цифрларының саны екеуден аспайтын бағасы енгізіледі.

Назар аударыңыз: Ұсынылатын баға шекті аукциондық бағадан аспау керек.


Назар аударыңыз: Бағаның өзгеру қадамы – 5 тиын/кВт*с (21-сурет).



21 сурет. Ұсынылатын бағаны дұрыс енгізбеу туралы диалогтық терезе

Назар аударыңыз: Ұсынылатын баға СЖ-не берілген ең аз ұсынылатын бағаға ұқсат болмау керек.


Назар аударыңыз: Ұсынылатын баға басқа сауда-саттық қатысушыларының ұсынылатын бағасына ұқсас немесе бұрын берілген ұсынылатын бағасына тең болмау керек (22-сурет).



22 сурет. Ұсынылатын бағаны дұрыс енгізбеу туралы диалогтық терезе

7) **«Сауда жүйесіне берілген ең аз ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) өрісі.** Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте тг/кВт*сағ өлшемімен ҚҚС-сыз сауда жүйесіне берілген ең аз ұсынылатын аукциондық баға көрсетіледі.
8) **«Сервердегі уақыт» өрісі.** Формат – уақыт (СС:ММ:СС). Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сервердегі уақыт шығады.
9) **«Қалған уақыт» өрісі.** Формат – уақыт (СС:ММ:СС). Редакциялауға қолжетімді емес. Өрісте сауда-саттықтың жабылуына дейін қалған уақыт көрсетіледі.
10) **«Жабу» батырмасы.** Формат – өтінімді беру терезесін жауып, негізгі сауда-саттық парақшасына қайтып келуге арналған құрал.
11) **«Өтінімді беру» батырмасы.** Формат – Өтінімді беруде және барлық өрістерді табысты толтырған кезде толтырылған мәліметтерді сақтауға арналған құрал.


4. **«Өтінімді беру»** (20-сурет) батырмасын басқан соң, Өтінімді дұрыс толтыруды растайтын диалогтық терезе (23-сурет) ашылады.



23 сурет. Өтінімді беруді растау туралы диалогтық терезе

Егер сіз **«Жоқ»** батырмасын бассаңыз, онда өзгерістер енгізу үшін өтінімді беру терезесіне қайтып келесіз.


Егер **«Иә»** батырмасын бассаңыз, онда өтінім СЖ мәліметтер базасына енгізіліп, оны пайда болған терезе растайды (24-сурет):



24 сурет. Өтінімді табысты беру туралы диалогтық терезе

5. Ары қарай **«ОК»** батырмасын басу керек, сонда сауда-саттықтың негізгі парақшасына ауысу болады (25-сурет) .

Өтінім нөмірі мен өтінімді беру уақыты өтінімді табысты берген соң автоматты түрде белгіленеді (25-сурет).




25-сурет. «Аукциондық сауда-саттық» бөлімі. Өтінім бергеннен кейінгі интерфейс

6. **«Менің өтінімдерім»** кестесінде қатысушының өтінім мәліметтері көрсетіледі. Өтінім мәртебесі **«Қабылданды»** болып өзгереді (25-сурет).

Ескерту: *Сауда-саттыққа қатысушы бұрын берген өтінісді өзгерте алады, жаңа өтінім бере алады, бірақ бұрын берген өтінімдерін жоя алмайды.*

«Қаржымен қамсыздандыру» кестесінде қаржымен қамсыздандыру мәртебесі **«Қолданылды»** болып өзгереді (25-сурет).

7. Бұрын берген өтінімді өзгерту үшін өтінім нөмірі алдындағы 

батырмасын басу керек, содан кейін өзгеріс енгізу үшін бұрын толтырылған өтінімді беру терезесі ашылады.

